

## **2009 жылғы 1 мамырдағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы**

2009 жылғы 1 мамырда республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - қорлар) жұмыс істеді. Заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия 2009 жылғы сәуір айында берілген жоқ.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 14 заңды тұлғада бар, оның ішінде 10 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар. 2009 жылғы сәуір айында зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензияны 1 қор: «РЕСПУБЛИКА» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ алғанын атап өткен жөн.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет атқарды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызметті 7 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны 1 565,5 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 9 607 534 болды. 2009 жылғы сәуір айында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 56 608-ге (0,6%-ға) азайды.

2009 жылғы 1 мамырда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда шоғырланды: «МЖЗҚ» - 25,1%, «Қазақстан Халық Банкі» - 22,0%, «ҰларҮміт» - 13,6% және «БТА Қазақстан» - 10,8% немесе олардың үлесіне барлық қорлардың салымшыларының жалпы санының 71,5% келеді. 2009 жылғы сәуір айында 4 қор бойынша үлес өзгерген жоқ.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 2009 жылғы 1 мамырда 898,1 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасымен 40 577 болды. 2009 жылғы сәуір айында ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 205-ке (0,5%-ға) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2009 жылғы сәуір айында 5 (0,1%-ға) өсіп, жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 68,5 млн. теңгемен 4 081 болды.

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары**

2009 жылғы 1 мамырда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 1 570,6 млрд. теңгені құрады немесе 2009 жылғы сәуірімен салыстырғанда 34,2 млрд. теңгеге (2,2%-ға) өсті. 2008 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 270,5 млрд. теңгеге (20,8%-ға) өсті.

Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі ағымдағы жылдың сәуір айында 25,0 млрд. теңгеге (2,0%) ұлғайып, 2009 жылғы 1 мамырда 1 277,5 млрд. теңге болды. Өткен жылда зейнетақы жарналарының орташа айлық түсімдері 23,6 млрд. теңге болды немесе 2007 жылғы 1 мамырдан бастап 2008 жылғы 1 мамырға дейінгі кезеңде қалыптасқан осындай көрсеткіштен 16,3%-ға көп болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылар (алушылардың) шоттарына есепке алынған «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) 2009 жылғы сәуір айында 13,7 млрд. теңгеге (3,7%) өсіп,

2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 380,9 млрд. теңгені құрады. Бір жылда «таза» инвестициялық кірістің сомасы 20,8 млрд. теңгеге (5,8%) өскен.


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі өткен жылда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге					
	1.01.08ж	1.05.08ж	1.01.09ж	1.05.09ж	Бір жылда өсім сомасы	Бір жылда өсудің қарқыны( %-бен)
Жинақталған зейнетақы сомасы	1 208,1	1 300,1	1 420,5	1 570,6	270,5	20,8
Зейнетақы жарналары	912,1	994,8	1 184,7	1 277,5	282,7	28,4
«Таза» инвестициялық кіріс	339,3	360,1	307,0	380,9	20,8	5,8
Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	28,1	27,7	21,6	24,3	-	- 3,4 (пайыздық тармаққа)

Келтірілген кестеден көріп отырғандай, жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің сомасы бір жылда 270,5 млрд.теңге құрады. Жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 22,5 млрд. теңге болды, өткен жылда қалыптасқан осындай көрсеткіштен 13,8%-ға аз болды.

2009 жылғы 1 мамырда жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 4 қорда болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» - 457,4 млрд. теңге (29,1%), «МЖЗҚ» – 269,4 млрд. теңге (17,2%) «ҰларҮміт» - 212,4 млрд.теңге (13,5%) және «БТА Қазақстан» - 199,6 млрд.теңге (12,7%) құрады немесе жиынтығында осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 72,5% келеді. Сәуір айында үлес 0,3 пайыздық тармаққа өсті.

#### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны және аудармағаны және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударымдарды жүзеге асырмағаны үшін өсімпұл сомасы 2009 жылғы 1 мамырда 9,9 млрд. теңгені құрады. Бір жылда жалпы өсімпұл сомасының өсімі 1,7 млрд. теңге (20,7%) болды, оның ішінде сәуір айында өсім 0,2 млрд. теңгені құрады.

Зейнетақы төлемдері мен қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 107,7 млрд. теңге болды немесе сәуір айында 3,4 млрд. теңгеге (3,3%) өскен. Бір жылда қорлар алушыларға жалпы сомасы 33,6 млрд. теңге болатын зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

Сақтандыру ұйымдары алушылардың жинақтаушы зейнетақы аударылымдарын зейнетақы аннуитет шартына сәйкес ағымдағы жылдан бастап 206 алушыларға жалпы сомасы 360,9 млн. теңге жүзеге асырған. Сақтандыру ұйымдары алушылардың жинақтаушы зейнетақы аударылымдарының жалпы сомасы зейнетақы аннуитет шартына сәйкес 2009 жылғы 1 мамырда 803,2 млн. теңге құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша ақпаратты Агенттік сайтында орналастыру, сондай-ақ, қорлармен ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау салымшыларға (алушыларға) қорды өз бетімен таңдауға және зейнетақы заңнамасымен берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару 2009 жылғы сәуір айында 28,1 млрд. теңгеге (7,8%) өсіп, 387,3 млрд. теңге болды. Бір жылда жинақталған зейнетақы қаражат аударымдары 143,2 млрд. теңгеге немесе 58,7%-ға өскен.

### Жинақтаушы зейнетақы қорлары активтерінің құрылымы

2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы сәуір айында 36,6 млрд. теңгеге немесе 2,4%-ға ұлғайып, 1 567,2 млрд. теңге болды.

2008 жылғы 1 мамырдан бастап 2009 жылғы 1 мамырға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 22,0 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің бөлінуі

ЗАИБЖАҰ / ООИУПА / ЖЗҚ / НПФ	зейнетақы активтері	
	млн.теңге	%-бен
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	457 914	29,2
«МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	270 019	17,2
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	207 252	13,2

«ҰларҮміт» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	207 252	13,2
<b>«БТА Банкі» АҚ еншілес ұйымы</b>	<b>199 886</b>	<b>12,8</b>
«БТА Қазақстан» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ		
<b>«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)</b>	<b>90 398</b>	<b>5,8</b>
«Грантум» Жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)»	90 398	5,8
<b>«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы - «Капитал» ЖЗҚ» АҚ</b>	<b>61 606</b>	<b>3,9</b>
<b>«Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («Еуразиялық банк» АҚ еншілес ұйымы)</b>	<b>50 352</b>	<b>3,2</b>
<b>«Отан» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («АТФ банк» АҚ еншілес ұйымы)</b>	<b>45 202</b>	<b>2,9</b>
<b>«Мұнайгаз – ДЕМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</b>	<b>44 846</b>	<b>2,9</b>
<b>«Нур-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы</b>	<b>39 491</b>	<b>2,5</b>
«Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы)»	39 491	2,5
<b>«АМАНАТ КАЗАХСТАН» ЖЗҚ» АҚ</b>	<b>33 259</b>	<b>2,1</b>
<b>«Қазақмыс» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</b>	<b>29 383</b>	<b>1,9</b>
<b>«RESMI Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ</b>	<b>20 786</b>	<b>1,3</b>
«Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	20 786	1,3
<b>«РЕСПУБЛИКА» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</b>	<b>16 835</b>	<b>1,1</b>
<b>Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы</b>	<b>1 567 229</b>	<b>100</b>

2009 жылғы 1 мамырда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2009 жылғы 1 сәуірде 9,3 млрд.теңгеге немесе 0,6%-ға ұлғайып, 1 514,2 млрд. теңге болды.

Бұрыңғыдай жинақтаушы зейнетақы қорлары инвестициялық стратегияларын ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының пайдасына бағытталған. 2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен (436 044 млн. теңге) 30,6%-ды құрады және 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша осындай көрсеткішке қатысты 6,1%-ға немесе 26 478 млн. теңгеге өсті.

### ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.04.2009ж.		1.05.2009ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>436 566</b>	<b>29,0</b>	<b>463 044</b>	<b>30,6</b>
ҚР еурооблигациялары	0	0,0		0,0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	389 505	25,9	417 250	27,6
Ұлттық Банктің ноттары	47 061	3,1	45 794	3,0
<b>Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>161 750</b>	<b>10,8</b>	<b>160 767</b>	<b>10,6</b>
акциялар	43 168	2,9	41 545	2,7
облигациялар	118 582	7,9	119 222	7,9
<b>Шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0,0</b>	<b>0</b>	<b>0,0</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>47 186</b>	<b>3,1</b>	<b>68 473</b>	<b>4,5</b>
<b>Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>103 758</b>	<b>6,9</b>	<b>73 355</b>	<b>4,9</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>3 475</b>	<b>0,2</b>	<b>4 531</b>	<b>0,3</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>652 147</b>	<b>43,3</b>	<b>662 189</b>	<b>43,7</b>
акциялар	156 521	10,4	168 953	11,1
облигациялар оның ішінде:	495 626	32,9	493 236	32,6
шетелдік валютада номинирленген	57 558	3,8	56 959	3,8
теңгемен номинирленген	438 068	29,1	436 277	28,8

Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	98 580	6,6	79 852	5,3
Туынды бағалы қағаздар	1 411	0,1	1 988	0,1
<b>Итого</b>	<b>1 504 873</b>	<b>100</b>	<b>1 514 199</b>	<b>100</b>

Бұдан басқа, есепті кезеңде шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі (45,1 есе) айтарлықтай өсіп, 68 473 млн. теңгені (4,5%-ды) құрады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративті бағалы қағаздарының көлемі 2009 жылғы 1 сәуірден бастап 10 042 млн. теңгеге немесе 1,5%-ға өсті.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 79 852 млн. теңгені құрады, жылдың басындағы төмендеу - 18 728 млн. теңге немесе 19,0% болды.

### Қорлардың номиналды кіріс коэффициенті туралы мәліметтер

2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 2004 жылғы сәуір - 2009 жылғы сәуір кезеңіне - 42,09%. Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті - 37,78% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 63,07%);


- 2006 жылғы сәуір – 2009 жылғы сәуір кезеңіне - 21,00% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 39,56%);

- 2008 жылғы сәуір – 2009 жылғы сәуір кезеңіне - 1,16% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 8,80%).

Ағымдағы жылдың 1 мамырдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кіріс коэффициентінің өзгеруі өткен айдың көрсеткішімен салыстырғанда мынадай тәсілмен сипатталды:

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 60 айда 1,17 пайыздық тармаққа өсті;
- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 36 айда 0,49 пайыздық тармаққа төмендеді;
- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 12 айда 0,03 пайыздық тармаққа кеміді.

### Қорлардың зейнетақы активтері мен номиналды кіріс коэффициентінің арақатынасы



### Қорлардың қаржылық жағдайы

2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 62,3 млрд. теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал - 37,0 млрд. теңге немесе

жиынтық капиталдың көлемінен - 52,1%. 2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 71,0 млрд. теңге және жылдың басынан актив сомасы 6,6 млрд. теңге (10,2%) өскен.

2009 жылғы сәуірде 3 қор («АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН», «Отан» және «Республика») жалпы сомасы 0,4 млрд. теңге зиян шекті, сонымен қатар 11 қор жалпы сомасы 12,6 млрд. теңге пайда тапты. Жалпы қорлар 2009 жылғы сәуірде жалпы сомасы 12,2 млрд. теңге таза пайда алды.

2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қорлардың меншікті активтерінің есебінен қаржы инвестициялары 58,8 млрд. теңге құрады немесе қорлардың жиынтық капиталының 82,8% болды.

Қорлар меншікті активтерін инвестициялардың жалпы көлемінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарға - 52,8%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарға – 0,9%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға - 22,7%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына - 5,4%, «Кері РЕПО» операцияларына - 3,5% инвестициялады, екінші деңгейдегі банк салымдарына - 3,1%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға – 11,6% орналастырды.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштерінің динамикасы	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.05.09
ЖІӨ млрд. теңгемен (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	15 936,5	16 724,1*
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	8,2	8,7	9,0	9,4	8,9	9,4
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ қатынасы, %- бен	6,5	6,9	6,7	7,1	7,4	7,6
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	2,0	2,1	2,5	2,6	1,9	2,3
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	0,1	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4

\* - болжам деректер